

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандығы № 71 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № 21 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандығы № 71 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 ж., № 6, 41-күжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функциялары:

мынадай мазмұндағы 38-1) және 38-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"38-1) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатуrasesы мен сақтау көлемдері жөнінде ұсыныстар енгізу;

38-2) жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын беру, сақтау және жаңарту мен номенклатура өзгерген жағдайларда броньнан шығару тәртібімен оларды шығару бойынша тапсырыс берушінің көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі функцияларын жүзеге асыру;".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

A. Мамин